

4. Holt S., Buckley H., Whelan S. *The impact of exposure to domestic violence on children and young people: A review of the literature* // *Child Abuse & Neglect*. – 2008. – Vol.32, № 8. – P.797–810.
5. Crick N.R., Grotpeter J.K. *Relational aggression, gender, and social-psychological adjustment* // *Child Development*. – 1995. – Vol.66, №3. – P. 710–722.
6. Espelage D.L., Swearer S.M. *Research on school bullying and victimization: What have we learned and where do we go from here?* // *School Psychology Review*. – 2003. – Vol.32, №3. – P. 365–383.
7. Guseynova E.A., Enikolopov S.N. *Vliyanie pozitsii podrostka v bullinge na ego agressivnoe povedenie i samootsenku* // *Psikhologo-pedagogicheskie issledovaniya*. – 2014. – T.6, №2. – S. 246–256.
8. Rigby K. *New perspectives on bullying*. – London: Jessica Kingsley Publishers, 2002. – 206 p.
9. Thornberg R. *School bullying as a collective action: Stigma processes and identity struggling* // *Children & Society*. – 2015. – Vol. 29, № 4. – P. 310–320.
10. Asylbekova M.P., Atemova K.T., Somzhurek B.Z. *Turkistan oblysyndagy zhasospirimder arasında bulling zhane kiberbullingtin oryn alu zhagdayy* // *Bulletin of LN Gumilyov Eurasian National University. Pedagogy. Psychology. Sociology series*. – 2023. – T.144, № 3. – B. 47–55.
11. Goleman D. *Emotional intelligence: Why it can matter more than IQ*. – New York: Bantam Books, 1995. – 352 p.
12. Kärnä A., Voeten M., Little T.D., Poskiparta E., Kaljonen A., Salmivalli C. *A large-scale evaluation of the KiVa antibullying program: Grades 4–6* // *Child Development*. – 2011. – Vol.82, №1. – P.311–330.
13. Sullivan T.N., Farrell A.D., Kliewer W. *The role of peer relationships in the development of aggressive behavior* // *Journal of Abnormal Child Psychology*. – 2006. – Vol.34, № 6. – P.781–794.
14. Mynard H., Joseph S. *Development of the multidimensional peer-victimization scale* // *Aggressive Behavior*. – 2000. – Vol.26, № 2. – P. 169–178.
15. Smith M.T., Perlis M.L., Haythornthwaite J. A., Pigeon W. R., Nowakowski S., Morgenthaler T. I., Troxel W. *Suicidal ideation, plans, and attempts in chronic pain patients: factors associated with increased risk* // *Pain*. – 2004. – Vol. 111, №1–2. – P. 201–208.

МРНТИ 14.35.09

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.87.3.033>

А.А.Жумадуллаева,¹  М.Ж.Сұлтанбек,^{1*}  С.С.Қожагелдиева,²  З.А.Нурахметова³ 

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан

²Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымент қ., Қазақстан

³Азаматтық авиация академиясы, Алматы қ., Қазақстан

ЖОБАЛАУ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ДИАГНОСТИКАСЫ

Аңдатпа

Мақалада жобалау әдісі арқылы оқушылардың әлеуметтенуін қамтамасыз етудің диагностикасы беріледі. Ең алдымен, жобалау әдісі арқылы оқушылардың әлеуметтенуін қамтамасыз етудің диагностикасын ұсынуда педагогикалық проблема ретінде сипатталуы талданды. Теориялық талдауларда бірнеше ұғымдарды талдаудың қажеттігі туындап, теориялық негіздерін анықтауда негізгі түсініктерінің мәні мен мазмұны айқындалды. Жобалау әдісі арқылы оқушылардың әлеуметтенуін қамтамасыз етудің компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері негізінде түсініліп, танылады. Жобалаудың тұжырымдамалық деңгейі, мазмұндық деңгейі, технологиялық деңгейі және үдерістік деңгейінің ішкі сипаттамалары беріледі. Динамикалық педагогикалық байланыс компоненттерден (мотивациялық-мазмұндық, танымдық-іс-әрекеттік, рефлексивтік-бағалаушылық) түзілген өлшемдері жобалау әдістері арқылы әлеуметтенуге мотивациялық-құндылық қатынасы және жобалауды құрастыруға білімдері мен біліктерінің іс-әрекеттегі көрінісі, әлеуметтендіруде жобалау әдістері арқылы өзін-өзі білімдендіру шеберлігі деп көрсетіледі. Компоненттер мен өлшемдерге сай көрсеткіштерінің жиынтығын құрайды және деңгейлеріне (төменгі, орта, жоғары) сәйкес жүзеге асырылды. Мақалада жобалаудың өзіне тән ресурстары ретінде интеллектуалдық, ерік – жігерлік, адами позициялық, ұйымдастырушылық, басқару, іс-әрекеттік, материалдық-қаржылық сапалары баяндалады.

Эмпирикалық бөлімде А.Н.Волкованың «Рөлдік болжау мен әрекеттену» әдістемесі және «Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтенуінің деңгейін анықтауға арналған авторлық сауалнамасы» негізінде диагностикалау жұмыстары ұйымдастырылды. Қорытындыда ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

Түйін сөздер: жобалау, жобалау әдісі, оқушылардың әлеуметтенуі, диагностика, интеллектуалдық.

Жумадуллаева А.А.,¹  Султанбек М.Ж.,^{1*}  Қожаселдиева С.С.,²  Нурахметова З.А.³ 

¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
г.Туркестан, Казахстан

²Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков,
г.Шымкент, Казахстан

³Академия Гражданской Авиации, г.Алматы. Казахстан

ДИАГНОСТИКА ОБЕСПЕЧЕНИЯ СОЦИАЛИЗАЦИИ УЧАЩИХСЯ МЕТОДОМ ПРОЕКТИРОВАНИЯ

Аннотация

В статье дается диагностика обеспечения социализации учащихся методом конструирования. Прежде всего, проанализирована характеристика метода проектирования как педагогической проблемы в представлении диагностики обеспечения социализации учащихся. В теоретическом анализе возникла необходимость анализа нескольких понятий, определена сущность и содержание понятий «проектирование», «социализация младших школьников» в определении теоретических основ. Под методом проектирования понимаются и признаются компоненты, критерии и показатели обеспечения социализации младших школьников. Дается внутренняя характеристика концептуального уровня, содержательного уровня, технологического уровня и уровня процесса проектирования. Критериями, сформированными из компонентов динамического педагогического общения (мотивационно-содержательного, познавательно-деятельностного, рефлексивно-оценочного), выступают мотивационно-ценностное отношение к социализации через методы проектирования и деятельностное выражение знаний и умений конструировать проектирование, самообразование через методы проектирования в социализации. Комплекующие и комплекующие соответствуют критериям и реализованы в соответствии с уровнями (нижний, средний, высокий). В статье излагаются интеллектуальные, волевые, человеческие позиционные, организационные, управленческие, деятельностные, материально – финансовые качества как характерные ресурсы проектирования.

В эмпирическом разделе были организованы диагностические работы на основе методики А.Н.Волковой «Роль прогнозирование и взаимодействие» и «авторского анкетирования для определения уровня социализации младших школьников». В заключении даются научно-методические рекомендации.

Ключевые слова: проектирование, метод проектирования, социализация учащихся, диагностика, интеллектуальная.

Zhumadullaeva A.,¹  Sultanbek M.,^{1*}  Khozhageldieva S.,²  Nurakhmetova Z.,³ 

¹Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan

²O.Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan

³Academy of Civil Aviation Almaty, Kazakhstan

DIAGNOSTICS OF STUDENT SOCIALIZATION BY THE DESIGN METHOD

Abstract

The article provides diagnostics of ensuring the socialization of students by the method of construction. First of all, the characteristic of the design method as a pedagogical problem in the presentation of diagnostics of student socialization is analyzed. In the theoretical analysis, it became necessary to analyze several concepts, the essence and content of the concepts "design", "socialization of younger schoolchildren" in defining the theoretical foundations were determined. The design method refers to and recognizes the components, criteria, and indicators for ensuring the socialization of younger students. The internal characteristics of the conceptual level, the content level, the technological level and the level of the design process are given. The criteria formed from the components of dynamic pedagogical communication (motivational-meaningful, cognitive-activity, reflexive-evaluative) are a motivational-value attitude to socialization through design methods and the active expression of knowledge and skills to design design, self-education through design methods in socialization. The components and accessories meet the criteria and are implemented according to the levels (lower, medium, high). The article describes intellectual, volitional, human positional, organizational, managerial, activity, material and financial qualities as characteristic design resources.

In the empirical section, diagnostic work was organized based on the methodology of A. N.Volkova «Role prediction and interaction» and «author's questionnaire to determine the level of socialization of younger schoolchildren». In conclusion, scientific and methodological recommendations are given.

Keywords: design, design method, student socialization, diagnostics, intellectual.

Кіріспе. Қазіргі кездегі психологиялық-педагогикалық зерттеулерде тұлғаға жекелеген психикалық үдерістердің жиынтығынан ғана емес, өзара байланысты сапалар мен элементтер жиынынан тұратын тұтас жүйелі-құрылымдық тұрғысынан қарау басымдық алып отыр.

Осы орайда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 16-бап, 1-тармағында: «...бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен алғырлығын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған» деп көрсетілуі [1], бастауыш сыныптағы оқушы тұлғасын дайындауға байланысты бірқатар субъективті идеяларымызды іске асыруға міндеттейді. Әсіресе, жобалауды, әлеуметтенуді түсінуге талпыну және т.б. бала бойындағы бар қасиеттер арқылы қалыптасатын тұлғалық сапалар жиынтығы негіз болады.

Білім берушілік жобалар шеңберінде, тұтас мемлекет және бөлен аймақтардағы білім беруді дамытудың жобалары жасалады. Білім беруді басқару органдарының реформалары және оларды қадағалайтын ұйымдармен, білім беру ұйымдарының құрылу жобалары жасалады. Барлық деңгейде білім берудің мазмұны мен білім беру стандарты қалыптасады

Психологиялық-педагогикалық жобалар тұлға және тұлғааралық қатынасты қайтажасаумен байланысты, мотивация, ақпаратты қабылдау, білімді меңгеру, іс-әрекетте қатысу, қарым-қатынастан шығатын процестердің үлгісін құруды қарастырады. Психологиялық-педагогикалық жобалау, негізінде тиімді оқыту мен тәрбиелеудің шарты, педагогикалық технологиялар; оқушылар мен оқытушылардың өзара әрекеттесулерінің формасы, тұлғаның өзін жобалау амалы ретінде педагогикалық процесті қарастырды.

Көзқарастарды қарастыру, білім беру саласында жобалау кантекстіні құру мен талдаудың негізгі үш нұсқасын анықтайды: әлеуметтік-мәдени, психология-педагогикалық және білімберу саласындағы жобалар.

Негізгі ережелер. Қазіргі білім беру саласында жобалаудың нәтижесі мен мақсатқа бағытталғаны және объектісіне байланысты негізгі үш түрі белсенді даму үстінде:

1. Әлеуметтік органы өзгертуге немесе әлеуметтік мәселелерді педагогикалық құралдармен шешуге бағытталған әлеуметтік – педагогикалық жобалау,

2. Мақсаты, білім беру үдерісінің шеңберінде тұлғааралық қарым – қатынасты және адамды қайта жасау болатын, психология-педагогикалық жобалау.

3. Институттар мен білім беру жүйесін инавациялық өзгерту мен білім берудің сапасын жобалауға бағытталған білім берушілік жобалар.

Алғашқы кездерде әлеуметтік-педагогикалық жобалар, педагогикалық өзара әрекет барысында, балалар мен үлкендердің күнделікті өмірде кездесетін, қоғам үшін маңызды мәселелерді шешуге тырысуымен көрініс тапқан. Қазіргі таңдағы оның негізгі функциясы адамның әлеуметтенуіне, қалыптасуына, дамуына әсер ететін, сыртқы факторлар мен жағдайларды айқындау және өзгерту негізіндегі қоршаған ортаны түзету болып табылды. Жиі әлеуметтік педагогикалық жобалар, педагогикалық процестердің потенциалдық мүмкіндігін өзгертуге, мүмкіндік беретін жетекші білім беру жүйесін ұйымдастыруға негіз болады [2].

Жобалау мәселесін түрлі аспектілерде зерттеген ғалымдар Н.Г.Алексеев, Ю.В.Громько, В.А.Никитин, Г.П.Щедровицкий, О.И.Газман және т.б. еңбектерін байқауға болады. Әр түрлі оқу құралдарында «педагогикалық жобалар» субъектісі педагог бола алатын, жобалау іс-әрекетінің барлық түрін біріктіруші, құрастырушы ретінде қарастырылады. Олар педагогикалық мақсатта немесе оның нәтижесі педагогикалық болып жүзеге асады.

Материалдар мен әдістер. Жобалау әдісі арқылы оқушылардың әлеуметтенуін қамтамасыз етудің диагностикасында зерттеу әдістері талдау, жинақтау, салыстыру, анализ, сауалнама, диагностикалау т.б. қолданылады.

Білім беру саласындағы жобалар әр түрлі деңгейде болуы мүмкін. Бұл жағдайдағы деңгей, жобалау іс-әрекетінде қолданылатын, жобалау процедурасының әмбебаптығы мен нәтижесінің дәрежесіне байланысты түсіндіріледі. Жобалаудың беретін өнім формасы мен нәтижесіне

қойылатын талаптарға қатысты, ол концептуалдық, мазмұндық, технологиялық, процесуалды деңгейде болуы мүмкін (1-кесте).

Кесте 1 – Жобалау өнімі мен деңгейінің арақатынасы

Концептуалдық	Жобаның нәтижесі үлгі, концепция
Мазмұндық	Ереже (ғылыми немесе білім біру ұйым туралы), жоспарлар, бағдарламалар (білім беру, зерттеушілік, даму), Мемлекеттік стандарттар.
Технологиялық	Қажетті инструкциялар, басқарудың ұйымдастырушы схемалары, оқу жоспары, технология, әдістеме.
Процесуалдық	Әрекет алгоритмі, дидактикалық құралдар, бағдарламалық өнімдер, оқыту үдерісінің графигі, әдістемелік кеңестер, оқу тақырыптарын жасау, мерекелерді өткізу бағдарламалары.

Жобалаудың *тұжырымдамалық деңгейі*, объектінің концепциясын жасауға немесе оның үлгісін болжауға (білім – беру стандартының үлгісі, бағдарламаның концепциясы, оқу бағдарламасының жобасы) бағытталады. Осы деңгейде алынған нәтиже әмбибап сипатқа ие болып, келесі деңгейдегі нәтижеге жетудің әдіснамалық қызметін жүзеге асыра алады.

Жобалаудың мазмұндық деңгейі, негізгі рұқсат етілген (бастапқы білім беру стандарты, лийді дамыту бағдарламасы т.б.) және қолданылу мүмкіндігінің диапазонына сәйкес қасиеттері бар нәтижені алуды қарастырады.

Жобалаудың *технологиялық деңгейі*, контексте белгіленген (оқу материялын толық меңгерудің технологиясы, тұлғаға бағытталған білім беру жағдайын құрастыру технологиясы, ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттің әдісі) іс-әрекет амалының алгаритімін сипаттауға мүмкіндік береді.

Үдерістік деңгей жобалау іс-әрекетін міндетті өнімі бар, практикада қолданылуға дайын шынайы үдеріске енгізеді (Айқындалған дидактикалық немесе бағдарламалық құралдар, сыныптан тыс жұмыстар мен бөлек сабақтарды жасаудың әдіснамасы, іс-шараларды және т.б. жүргізудің жоспары).

Жоғары деңгейі – оқушының әлеуметтік білім алуы (қоғамдық нормалар туралы, қоғамның құрылымы туралы, қоғамдағы әлеуметтік мақұлданған және мақұлданбаған мінез-құлық нысандары туралы және т.б.). Нәтижелердің осы деңгейіне жету үшін оқушының өзінің мұғалімдерімен ол үшін жағымды әлеуметтік білім мен күнделікті тәжірибенің маңызды тасымалдаушысы ретінде өзара әрекеттесуі ерекше маңызға ие.

Орта деңгейі – оқушының тәжірибе алу тәжірибесі және қоғамның негізгі құндылықтарына (адам, отбасы, Отан, табиғат, әлем, Білім, Еңбек, мәдениет) оң көзқарас. Нәтижелердің осы деңгейіне жету үшін оқушылардың сынып, мектеп деңгейінде өзара әрекеттесуі ерекше маңызға ие. Дәл осындай жақын әлеуметтік ортада бала алған әлеуметтік білімнің алғашқы практикалық растауын алады (немесе алмайды), оларды бағалай бастайды (немесе қабылдамайды).

Төмен деңгейі – оқушының тәуелсіз әлеуметтік іс-әрекет тәжірибесін алуы. Тек тәуелсіз әлеуметтік іс-әрекетте адам шынымен әлеуметтік азамат, еркін адам болады (және қалай болу керектігін білмейді). Нәтижелердің осы деңгейіне жету үшін оқушының мектептен тыс әлеуметтік субъектілермен, ашық қоғамдық ортада өзара әрекеттесуі ерекше маңызды. Тәрбиелік нәтижелердің бір деңгейінен екіншісіне ауысу дәйекті, біртіндеп болуы керек, бұл бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу мен әлеуметтендіруді ұйымдастыруда ескерілуі керек. 2-сыныпта балалар әсіресе жаңа әлеуметтік білімге бейім, олар үшін жаңа мектеп шындығын түсінуге тырысады.

Мұғалім осы тенденцияны қолдауы керек, бастауыш сынып оқушыларының бірінші деңгейдегі нәтижелерге қол жеткізуін қамтамасыз етуі керек. 2 және 3 сыныптарда, әдетте, балалар ұжымының даму процесі күшейе түседі, бастауыш сынып оқушыларының бір-бірімен тұлғааралық қарым-қатынасы күрт жанданады, бұл тәрбиелік нәтижелердің екінші деңгейіне жету үшін қолайлы жағдай туғызады. 4-сыныпқа қарай бастауыш сынып оқушысы қоғамдық іс-

қимыл кеңістігіне шығудың нақты мүмкіндігіне ие болады, яғни тәрбиелік нәтижелердің үшінші деңгейіне жету. Тәрбие нәтижелерінің үш деңгейіне қол жеткізу балаларды тәрбиелеу мен әлеуметтендірудің маңызды әсерлерінің пайда болуын қамтамасыз етеді – оқушылардың ұлттық-мемлекеттік, этникалық, діни, гендерлік және басқа аспектілерде коммуникативтік, этикалық, әлеуметтік, азаматтық құзыреттілігі мен әлеуметтік-мәдени бірегейлігін қалыптастыру.

Білім беруді жаңарту білім беру жүйелерін жобалау әдіснамасына, әртүрлі білім мекемелері сипатын және олардың өзін-өзі дамыту әрекеттерін қолдайтын құндылықтар мен мақсаттарға негізделуі тиіс. Білім беруді дамытудың перспективалық бағыты ретіндегі жобалау идеяларын В.И.Слободчиков білім берудегі инновациялық әрекеттері тұрғысынан зерттейді [3]. Ол инновациялық әрекеттерді:

- белгілі бір әлеуметтік тәжірибе кеңістігінде;
- дәстүрлі нормалардың жаңа әлеуметтік күтінімдерге сәйкес болмауынан пайда болған проблемаларды шешуге бағытталған әрекеттер ретінде;
- жаңа инновациялық тәжірибені, оның мәдени рәсімделуі мен берілу механизмін түсіну және қабылдау әрекеті ретінде;

- қалыптасқан тәжірибені жаңартуға бағытталған әрекет ретінде қарастырады

Мысалы, зерттеу әрекеттері «мақсат – құрал – нәтиже» схемасы бойынша бар нәрсені зерттеу түрінде болатын болса, басқару әрекеттері «бағдар – әрекет – бақылау» түрінде, ал *жобалау логикасы «идея – орындау – рефлексия»* түрінде жүзеге асырылады. Жобалаудың өзіне тән ресурстары бар, олар:

- интеллектуалдық, ерік – жігерлік;
- адами позициялық;
- ұйымдастырушылық;
- басқару;
- іс-әрекеттік
- материалдық-қаржылық, т.б

Инновациялық жобалау төмендегі өзара байланысты қызметтерді қамтиды, олар:

- ғылыми-зерттеу әрекеттері, немесе жаңа білім ашу, игеру;
- жобалау әрекеттері, немесе жаңа білімді технологияда пайдалану арқылы тағы да жаңа білім құрастыру;

- білім беру әрекеттері, немесе субъектілердің өз тәжірибесі негізінде өзіндік білімді игеруі;

Осылайша, жаңа әлеуметтік жағдайлар білімнің жаңа бейнесін қалыптастыра бастайды, оның мәні мен белгілері – қоғамдық тәжірибенің өз бетіндік түрі, тарихи тәжірибенің универсалды түрде берілуі, адамдық мәннің қалыптасуы мен күшеюінің жалпы тарихи-мәдени түрі.

Білімнің аталған жаңа бейнесіне сәйкес оның құрылымы өзгереді, білім саласы құрылымының көрінісі үш қырынан байқалады, олар:

- *білім беру ортасы* – білімнің әлеуметтік – мәдени мазмұны ретінде;
- *білім беру институттары* – білім беру субъектілері әрекетінің ұйымдастырылған жүйесі ретінде;

- *білім беру үрдісі* – білім беру субъектілері әрекетінің мазмұны мен нақты жолдары ретінде;

- *білім беру саясаты* – білім беру қызметін басқа жүйелер арасында қамтамасыз ету;

- *білім беруді басқару* – оның тұтас қызмет етуін ұйымдастырушылық қамтамасыз ету.

Жобалаудың философия, мәдениеттану, әлеуметтану және психология ғылымдарының әдіснамасында орын ала бастауы оны гуманитарлық тұрғыдан қарастыруды алып келді. Н.Г.Алексеев [4], Ю.В.Громыко [5], В.А.Никитин [6] зерттеулерінде жобалау туралы білім берудегі инновациялардың мәдени түрі деген түсініктер де берілді.

Жобалау түрлерін классикалық сипаттағы инженерлік – техникалық жобалау, әлеуметтік жобалау деп қарастырсақ, білім берудегі жобалауды әлеуметтік жобалаудың бір түрі ретінде гуманитарлық жобалау деуге болады. Оны дәлірек түсіндіру үшін гуманитарлық жобалардың мәнісін айқындап алу керек. Атынан белгілі болып тұрғандай, гуманитарлық жобалаудың мән-

мақсаты адам табиғаты мен адами қатынастардың ерекшеліктеріне сай жаңғыртулар жасау болып табылады. Г.П.Щедровицкий білім берудегі жобалаудың екі стратегиялық түрін белгілейді, олардың бірі – *әлеуметтік ортаға және оның жағдайларына бейімделу*, басқаша айтқанда, педагогтардың білімнің әлеуметтік өзгерістерге жауап беру түрлері деуге болады; екіншісі өз құндылықтарына, мақсаты мен ұстанымдарына сәйкес жетілдіру немесе жаңарту, қайта құру [7].

Бүгінгі әдебиеттерде жобалау – «алда болуы тиіс нәрсенің өте қысқаша және өте нақты сипаттамасын жасау әрекеті», бұл жерде ең маңызды нәрсе – бір нәрсенің болашақ сипаты туралы, оның қолжетімдігі туралы мақсаттық –құндылықтық ұстаным болуы. Басқаша айтқанда, адамның ойлау әрекетінің қалыпты өз шеңберінен шыға алуы – трансценденттенуі – ойлау қызметінің дамытушылық функциясы іске асырылады.

Жобалауға – педагогикалық жобаны жасау және жүзеге асыру үрдісі, тұлғаны дамытудың ерекше жолы, оқыту технологиясы – деген түсініктер берушілер де бар. Жобалау әдістерімен оқыту үрдісінен педагогикалық қоғам оқытудағы жобалауға, немесе жобалау негізінде оқытуға, жобалау негізіндегі тәрбиелеуге (О.И.Газман), жобалау негізіндегі білім беруге (Г.Ильин) көшу жүзеге асырылуда. Бұл үрдісті жобалық ортаның білім беру ортасына айналуы деп те айтуға болады, өйткені, типік жоба құрастыру логикасы бүгінгі таңда оқытудың басты құралдарының бірі ретінде тәжіибеге белсенді түрде еніп келеді [8].

Жобалау әдісі арқылы бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтенуін қамтамасыз етудің құрылымдық-мазмұндық моделін ұсынып отырмыз.

Жаңартылған білім мазмұнына көшудегі басты идея – үздік экономикалық білім беру мақсаттарын «білетін адамнан» *«шығармашылықпен ойлайтын, әрекет ететін, өзін-өзі дамытатын адамға»* өту арқылы шешуді көздейді. Білім беру саласындағы мемлекеттік реттеу білім алуға конституциялық құқықтарды іске асыруды қамтамасыз ететін жағдайларды жасауға және білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметтерін көрсетудің жоғары сапасын қамтамасыз етуге бағытталып отыр [9].

Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтенуі оқушы іс-әрекетінде зерттеушілік, ізденушілік, шығармашылық, жеке ынталы-еріктік, жаңашылдық, бейімделу бағыты бойынша білімі мен білігін арттыру т.б. қабілеттерінің жетілуін педагогикалық тұрғыдан қарастыру арқылы, біз әлеуметтенудің педагогика ғылымында қаншалықты мәні барын және оның алғы негізі болатын мәселелерді қарастыруымыз қажет екендігі анық.

Педагогикада оқу материалының құрылымын оңтайландыру, оқу үрдісін жоспарлауды жақсарту, танымдық әрекетті басқару, оқу-тәрбие үрдісін басқару, диагностика, болжам жасау, оқытуды жобалау сияқты міндеттерді шешуде қолданылады.

Педагогикалық сөздікте «модель (лат. *modulus* – үлгі, өлшем) – нысан және оған қатынастық мәндерді көрсететін көрнекілік құралдарының бірі (шартты бейне, схема т.б.) –деп анықтама берілген» [10].

Педагогикалық әдебиеттерде модель ұғымына шетелдік және қазақстандық ғалымдар А.И. Бочкин, А.Г.Гейн, А.М.Новиков, Г.Қ.Нұрғалиева, В.В.Подласый, А.П.Сейтешов, А.Ф.Федотов, В.А.Штофф, И.С.Якиманская және Н.Д.Хмель және т.б. әртүрлі сипаттама берген. Мысалы, Н.Д.Хмель нақты объектінің немесе үдерістің қарапайымдандырылған үлгісі. Болашақ мамандардың кәсіби бағдарын ұйымдастыруды мотивациялық, мазмұндық, әрекеттік, процессуалдық аспектілерінен тұратын модельдерді ұсынады [11]. Г.Қ.Нұрғалиева тұлғаның әлеуметтенуін ұйымдастыруды, мектептегі оқу-тәрбие мәселелерін танымдық, мотивациялық-қажеттілік, әрекеттік-мінез-құлықтық құрылымдық компоненттер тұрғысынан талдады [12]. И.П.Подласый ғылыми модель – зерттеу объектісін қамтып, оны ойша елестететін немесе материалдық жағынан жүзеге асыратын жүйе. Педагогикалық модель оқу-тәрбие мақсатын, мазмұнын, формасын, әдісін, басқару жолдарын анықтаса, ғылыми негізделген модель тұтас педагогикалық үдерісті немесе оның бір бөлігін ұйымдастыру және қызмет ету жолдарын анықтайды деп есептеді [1].

Н.Д.Хмель модельдеуді біртұтас педагогикалық үдерісті жүзеге асырудың маңызды бөлігі деп есептейді, яғни, зерттеуші ұстаз үшін моделдеу зерттелінетін құбылыстың идеалдық моделін қайта жасаудың тәсілі болады. Практик ұстаз үшін моделдеу іс-әрекетінің мақсатына сәйкес оның жағдайын ұстаз өзгерткісі келетін белгілі бір педагогикалық құбылысты немесе үдерісті тұтасымен ойша (алдынала) қайта құру тәсілі болады. Басқаша айтқанда, моделдеу ұстаз үшін педагогикалық теория мен нақтылы практикалық іс-әрекет арасындағы бөлік болады [11, 456].

Осы орайда жобалау әдісі арқылы бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтенуін қамтамасыз ету бойынша негізгі ғылыми көзқарастарды тұжырымдап, негіздеп, оның құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалды

Зерттеу міндеттерін шешуде дайындалған құрылымдық-мазмұндық модельдің мақсаты – жобалау әдісі арқылы бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтенуін қамтамасыз етудің тұжырымдамалық негізін, компоненттерін, өлшемдері мен көрсеткіштерін, құралдары мен әдістерін, күтілетін нәтижесін ұсыну.

Ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, қоғамның және оқушылардың жеке ынтасы мен қызығушылығының үйлесімі мұғалімді кәсіби дайындаудың төмендегідей мақсаттары мен міндеттерін айқындайтынын байқадық:

1. Оқушы тұлғасын әлеуметтендіруде (пәндік, деңгейге жетудің критерийлері:

- пәндерге байланысты базалық білім деңгейінің болуы (кәсіби деңгей);
- бейіміне байланысты арнайы пәндерден академиялық білім деңгейінің болуы (іргелі білім деңгейі);
- бастауышта оқылатын әр пәнді оқытуға қызығушылығының болуы (танымдық қызығушылық);
- әдістемелік және технологиялық біліктерінің базалық деңгейі.

2. Педагогикалық үдеріс барысында бастауыш сынып оқушыларының бейім тұлғасын қалыптастыру:

- бейімделу мүмкіндіктері (өзін-өзі кәсіби бағалау, қобалжу т.б.)

- қарым-қатынас, тіл табысу қасиеті;
- білім алу бағыттылығы, ынтасы, қызығушылығы;
- жалпы білім, білік, дағдысының даму деңгейі.

3. Шығармашылық белсенділігін қалыптастыру:

- мәселені шешуде қалыптан тыс тәсілдерді қолдана білуі;
- мәліметтер жинау (портфолио), ілгері жылжу және болжамды тексеру, нәтиже (рефлексия);
- ғылыми ойлау амалдарын қалыптастыратын оқу және зерттеушілік сипаттағы міндеттер тізбегі (анализ, синтез, модельдеу, фондық көрнекілік т.б.).

4. Тұлғалық-әлеуметтік қасиеттерін дамыту:

- педагогикалық шеберлік;
- математикалық ойлау;
- қабылдау, ойлау, ес, сөйлеу, өзінің іс-әрекетіне өзі талдау жасау сияқты психиканың функционалдық тетіктері;
- ерік, жігер, темперамент, мінез, қабілет.

5. Оқуға психологиялық, педагогикалық, технологиялық тұрғыда жағдай жасау (тұлғалық-бағдарлы педагогика)

Мектептегі оқыту сатылық кезеңдерінде қоршаған орта: табиғат, адам және оның еңбегі туралы алғашқы түсініктер қалыптастыруға бағытталады және мектепте қалыптастырылатын құзыреттіліктер: білімді меңгеруге қабілеттілік, болашақ мамандығына және әлеуметтің даму деңгейіне сәйкес болуына қажетті білік, дағды игеру .

Білімді тиімді меңгерудің және құзыретті тұлға қалыптастырудың басты шарты – білім беру мақсатымен тең және түйінді құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған білім беру технологиялары, сондықтан бастауыш сынып мұғалімдерінен тұлғалық-бағдарлы білім беруді қамтамасыз ететін технологияларды меңгеру талап етіледі. Біз жоғарыдағы талдауларды құрылымдық-мазмұндық моделін дайындауда негізге алатын боламыз.

Ең алдымен, болашақ педагогтердің құрылымы мен мазмұнындағы моделі мынадай ерекшеліктермен сипатталатындығын атап айтсақ:

- *біріншіден*, модель қасиеттер мен сипаттамалардың қарапайым жиынтығы ретінде емес тұлғаға негізделген, бірақ логикалық орталығы мен негізі оның әлеуметтік және негізгі ұстанымын құрайтын *мотивациялық-мазмұндық* болып табылатын тұтас динамикалық білім.

- *екіншіден*, бүгінде жобалау әдісі арқылы бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтенуін қамтамасыз ету жобалау әдісі арқылы бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтенуін қамтамасыз ету мәселесі көтерілген кезде психологиялық-педагогикалық және әдістемелік пәндер, педагогикалық практика бойынша аса мән беру айтылады. Бұл оқу пәндерінің мазмұны мен оқыту әдістемесі мұғалімнің кәсіби дайындығына бағытталуы керек дегенді білдіреді. Оқыту әдістері көбінесе сабақта оқытылатын пәннің мазмұнын қалай жеткізуге бағытталған. Мұғалімнің іс-әрекетінің ерекшелігіне бағдарланудың болмауы студенттердің қалыптасқан оқыту әдістерінің нәтижесінде педагогикалық ойлау төмен қалыптасатындығына әкеледі. Сондықтан бұл ретте олардың танымының жоғары болуы, іс-әрекетке жүйелі кірісуі маңызды. Ал мұнда өз кезегінде *танымдық-іс-әрекеттік* динамикасы жүзеге асады.

- *үшіншіден*, танымдық үрдістерді жүзеге асыруда рефлексияның маңызының бар екендігіне мән беріп, әлеуметтенуде сын көзбен қарап, оны бағалауға, рефлексия жасауға қабілеттерін арттыру көзделеді. Педагогикалық әрекеттегі өзін-өзі рефлексиялауды қазіргі таңда педагогтің шығармашылық әрекетінің контекстінде қарастыра отырып, оның негізі тұлғаның өзін өмір сүру әрекетінің субъектісі ретінде танып, өзін-өзі басқара алуы деп түсіндіреді, яғни *рефлексивтік-бағалаушылық* тұрғыдағы сипатын ашуға негіз болады. Сонымен қатар омпоненттерін, өлшемдерін және көрсеткіштерін, осыған сәйкес жоғары, орта, төмен деңгейлерін анықтап, құрылымдық-мазмұндық моделін дайындауға мүмкіндік береді.

Кесте 2 – Жобалау әдісі арқылы оқушылардың әлеуметтенуін қамтамасыз етудің компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері

Компоненттер	Өлшемдер	Көрсеткіштер
1	2	3
Мотивациялық-мазмұндық	Жобалау әдістері арқылы әлеуметтенуге мотивациялық-құндылық қатынасы	- жобалауға қызығушылықтың болуы; - барлық пәндер бойынша берілетін білім мен біліктің әлеуметтік маңызы мен қажеттілігін түсіну.
Танымдық-іс-әрекеттік	Жобалауды құрастыруға білімдері мен біліктерінің іс-әрекеттегі көрінісі	- әрбір оқыған пәні бойынша жүйелі білімі; - жобалау әдісінің орындалуын игеру білігі; - шығармашылық әрекеттерді ассоциациялау іскерлігі.
Рефлексивтік-бағалаушылық	Әлеуметтендіруде жобалау әдістері арқылы өзін-өзі білімдендіру шеберлігі	- өз әрекетін зерттей алуы; - жаңа теория құра алады және ұсынады; - өзін-өзі дамытуы.

Әрқайсы қарастырылған деңгейлерде, жобалау іс-әрекеті тұтастай объект немесе оның құрылымдық компоненттері (олардың арасындағы байланыс) ретінде таралады. Бір деңгейден екінші деңгейге өту барысында, жобалау объектісінің көлемі мен жобалау мәселелері өзгереді және оларды шешу талаптарының деңгейі нақтыланып ұлғаяды. (Жобалаудың деңгейлік түсінігін Е.И.Машбиц талдаған. Ол, білім берудің мазмұнын жобалау мысалында, жобалауды процес ретінде жүзеге асыру деңгейі мен концептуалдық, технологиялық, операциялық деңгейді бөліп қарастырды)

Жобалау іс-әрекетінің негізгі ұстанымдары. Жобалау іс-әрекетінің принциптері, педагогтың сол немесе басқа іс-әрекеттерінің жобалау саласына қатыстылығын анықтаумен және жобалау табиғатымен объективті шартталған, іс-әрекетті қалыпқа келтіруші ретінде қарастырылады.

Болжаушылық ұстаным объектінің болашақ жағдайына бағытталған, жобалау табиғатына негізделген. Ол жобалауды инновациялық үлгілерді жасау үшін қолданған кезде ерекше көрініс табады. Бұл мағынада жобалау, қажетті болашақтың сатылай жүзеге асуы ретінде анықтайды.

Сатылық (пошаговость) ұстаным. Жобалау іс-әрекетінің табиғаты, жобалаудың ойша үлгісінің, мақсат үлгісі мен әрекет үлгісінің қалыптасуына өтуін қарастырады. Мұндағы әр келесі әрекет, оның алдындағы әрекет нәтижесіне негізделеді.

Қалыпқа келтіруші ұстаным бірінші кезекте әртүрлі ой іс-әрекетін ұйымдастыру формасымен байланысты, регламенттелген процедуралар шеңберіндегі жобаны жасаудың барлық кезеңдерін міндетті өтуді қажет етеді.

Кері байланыс ұстанымы, жобалаудың әр процедурасынан кейін, оның нәтижесі мен түзетілген әрекет үлгісіне сәйкестігі туралы мәліметтерді алу қажеттілігі туралы ескертеді.

Өнімділік ұстанымы қолданбалы салада мәні бар, нәтижені міндетті түрде алуға бағытталған прагматикалық жобалау іс - әрекетін бөліп қарастырады. Басқаша айтқанда, жобалау процесі нәтижелерінің «өнімдік безендірілуі» деп түсініледі.

Мәдени аналогия ұстанымы, мәдени үлгідегі жобалау нәтижесінің қалыптылығын анықтауды көрсетеді. Егер жобалау іс-әрекетінің қатысушыларында, оқушы мен педгогтың индивидуалдық шығармашылықтары өзіндік жеткіліксіз деген тісінік болса, ода мәдени аймақтан тыс жатқан жобалаудың нәтижесін алудағы қатерліктің алды алынады. Мәдени үдеріске ену үшін, міндетті түрде ондағы өз орныңды сезіну және түсінуді, мәдеи тарихи аналогтарды зерттеу негізінде, адам жетістіктеріне өзіндік көзқарасты қалыптастыруды үйрену керек. Мұнда мәдени құндылықтарды тану мен ғылыми білімді меңгеру тұлғаның өзіндік тұжырымы мен танымдық іс-әрекетінің нәтижесіне сәйкес жүзеге асуы керек.

Өзін дамыту ұстанымы, әр деңгейде белсене қатысушы яғны, жобалау субъектісіне де, қойылған мақсатқа жету нәтижесіндегі жаңа жобалардың туындауына да қатысты. Бір мәселе мен тапсырманы шешу және жаңа жоба формасының дамуыа стимул болатын келесі мәселемен тапсырманы құруға әкеледі.

Жобалау әдісі арқылы бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтенуін қамтамасыз етудің бастапқы деңгейін анықтау жолға қойылады.

Қазіргі уақытта педагогикада педагогикалық диагностика (ПД) мәселелеріне көңіл бөлінуде. Бұған бастауыш білім берудің озық тәжірибесі мен көптеген ғылыми басылымдар дәлел.

Нәтижелер. Біздің ойымызша, педагогикалық диагностиканы оқу-тәрбие үдерісіне қатысушылардың жеке және топтық ерекшеліктерін, сонымен қатар оның шарттарын, мазмұны мен тиімділігін тану және ескеру деп түсіну керек. Білім беру саласында оқу-тәрбие процесінің барлық кезеңдерінде ПД өткізу мақсатқа сай, бұл ең алдымен білім алушылардың білім, тәрбие, тұлғалық дамуы мен әлеуметтенуге дайындық деңгейін талдау мен бағалауды білдіреді. Талдау көрсеткендей, педагогикалық диагностика жүйесін зерттеудің әдістемелік негізі педагогикалық жүйелердің мәнін анықтауға деген көзқарасты қамтуы тиіс [11, б. 10], сондай-ақ педагогикалық жүйе жас ұрпақты және ересектерді тәрбиелеу, оқыту және оқыту мақсаттарына бағынатын өзара байланысты құрылымдық және функционалдық құрамдастардың жиынтығы ретінде пайда болады.

Әдетте, педагогикалық жүйелердің құрылымдық құрамдас бөліктері ретінде мыналар бөлінеді: 1) педагогикалық мақсат; 2) игеру мақсатында жүйе құрылатын оқу және ғылыми ақпарат; 3) педагогикалық қарым-қатынас құралдары; 4) білім алуға мұқтаждар; 5) мұғалімдер басқа нәрселермен бірге «педагогикалық әсер ету объектісі туралы психологиялық біліммен қаруланған». Олар келесі факторлармен анықталады: білім беру мекемесінің ерекшеліктері, білім беру нысандары, мазмұны, ұйымдастырылуы, құралдары, жағдайлары, жалпы орта мектепте де, белгілі бір мектептегі оқу-тәрбие үдерісінің функциялары мен міндеттері.

1. Диагностикалық ақпаратты жинау әдістері: бақылау, сауалнама (жазбаша – сұрау, тестілеу); эксперимент (айту, қалыптастыру және бақылау), Білім алушылардың іс-әрекетінің нәтижелерін талдау. Бұл әдістерді қолдану келесі міндеттерді шешуге мүмкіндік берді: педагогикалық тәжірибенің диагностикаланған құбылыстары мен процестерін тану, олардың даму деңгейін өлшеу.

2. Диагностикалық ақпаратты бағалау әдістері: статистикалық (көп нұсқалы топтастыру, корреляциялық және регрессиялық талдау), масштабтау, рейтингтік бағалау, диагностикалық

ақпаратты өңдеу және т.б. ПД тәжірибесінде әртүрлі дәрежедегі егжей-тегжейлі сапалық және сандық бағалау әдістері кеңінен қолданылады. Мысалы, құбылыс көрсеткіштерін сандық бағалау негізінде бастаушы сынып оқушыларын жобалау әдістері арқылы әлеуметтенуін (төмен, орташа, жоғары) қалыптасу деңгейлерін анықтап, одан кейін толық сапалық сипаттама бердік.

3. Диагностикалық нәтижелерді ұсыну және жинақтау әдістері. Жиынтық деректері диагноз түрінде ұсынылды, яғни. зерттелетін құбылыстың жағдайы туралы қорытындылар.

Осы орайда, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында мынадай негізгі міндеттер орындалу қажеттілігі айқындалды: педагогикалық экспериментті жүргізу және ұйымдастыру алгоритмін құру; Жобалау әдісі арқылы бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтенуін қамтамасыз етудің құрылымдық - мазмұндық моделін және оның компоненттері, өлшемдері, деңгейлік көрсеткіштері жүйесін негіздеу; бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыздандыру; эксперимент барысында алынған нәтижелерге талдау жасау және өңдеу.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар Түркістан облысы Түркістан қаласындағы Ж.Ташенов атындағы №23 лицейде ұйымдастырылды. Экспериментке жалпы саны 2-сыныптардан 122 оқушы, яғни бақылау тобында -60, эксперимент тобында 62 оқушы болды.

Анықтау экспериментінің мақсаты бастапқы диагностика мәліметтеріне сүйене отырып, жобалау әдісі арқылы бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтенуін қамтамасыз етудің бастапқы деңгейі құрылымдық - мазмұндық моделін құрылымдық - мазмұндық моделінің компоненттері өлшемдері мен көрсеткіштерінің жиынтығына сәйкес деңгейлерін (төменгі, орта, жоғары) айқындау болып табылады.

Анықтау экспериментінің келесі міндеттері белгіленді: жобалау әдісі арқылы бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтенуін қамтамасыз ету қандай түсінік беретіндігін анықтау және бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтенуінің бастапқы деңгейін анықтау.

Осы орайда жобалау әдісі арқылы бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтенуін қамтамасыз етудің жобалау әдісі арқылы бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтенуін қамтамасыз етудің деңгейлерін диагностикалау мәселені тереңірек зерттеген ғалымдар әдістемелеріне назар аударылды:

- А.Н.Волкованың «Рөлдік болжау мен әрекеттену» әдістемесі;

- *Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтенуінің деңгейін анықтауға арналған авторлық сауалнамасы.*

Ендігі кезекте осы әдістемелерге төмендегідей қысқаша сипаттама беріледі.

А.Н.Волкованың «Рөлдік болжау мен әрекеттену» әдістемесі зерттеу пәніне қарай қолданылады, ол оқушының сабақ үстінде білім алуы бойынша рөлдік мінез-құлқына бағдарын бейнелейді. Жобалау арқылы тапсырманы рөлдік әрекеттену әлеуметтенудің белсенділік бағдарын көрсетеді [14].

Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтенуінің деңгейін анықтауға арналған авторлық сауалнамасы №-кестеден байқап отырғанымыздай 10 сұрақты қамтиды. Әр сұрақ «иә», «жоқ», «жауап беруге қиын» деген жауаптар қатарынан тұрады. Мұндағы «иә» - жоғары деңгейді, «жоқ»- орта деңгейді, «жауап беру қиын» төмен деңгейді білдіреді.

Кесте 3 – Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтенуінің деңгейін анықтауға арналған авторлық сауалнамасы


<i>Сауалнама сұрақтары</i>	<i>Иә</i>	<i>Жоқ</i>	<i>Жауап беру қиын</i>
Өзінді адамдардың ортасында еркін сезінесің бе?			
Адамдармен тез тіл табыса аласың ба?			
Сабақта оқушылармен қарым-қатынасың қалай?			
Сыныпта достарың көп пе?			
Қиын жағдайда сынып алдындағы жауапкершілікті сезінесің бе?			
Өзінді тәртіпті оқушымын деп ойлайсың ба?			
Қоғамда болып жатқан жаңалықтарға қызығасың ба?			

Өзге адамдардың пікірі сен үшін маңызды ма?			
Адамдардың алдында сөйлеуге қысыласың ба?			
Білім алудың маңыздылығын түсінесің бе?			


Кесте 4 – Бақылау және эксперименттік топтардың арнайы өлшемдер бойынша А.Н.Волкованың «Рөлдік болжау мен әрекеттену» әдістемесі «Рөлдік болжау мен әрекеттену» деңгейлері (%)

Өлшемдері	Бақылау тобы			Эксперименттік топ		
	Ж	О	Т	Ж	О	Т
Дүниетанымдық (отбасын құндылық ретінде жете түсінуі; ұлттық және мәдени дәстүрлерін сақтауы және нығайтуы; табиғатқа сүйсіпеншілігі т.б.)	16%	52%	32%	9%	54%	37%
Іс-әрекеттік (құрдастары емн айналасына қатынастарды, кикілжінді жағдаяттарды реттеу қабілеті, жасына сай мәселелерді шешуге белсенді қатысуы)	18%	53%	29%	9%	59%	32%
Тәрбиелік-білімділік (өзін-өзі әлеуметтендіруге білімді меңгеруі және толықтыруы; әлеуметтік рөлдерінің және ұстанымының қалыптасуы; функционалдық сауаттылығы)	14%	60%	26%	6%	61%	33%

3-4 кестеде нәтижелерден байқап отырғанымыздай, дүниетанымдық, іс-әрекеттік және тәрбиелік-білімдік өлшемдерімен берілген Бақылау және эксперименттік топтардың арнайы өлшемдер бойынша А.Н.Волкованың «Рөлдік болжау мен әрекеттену» әдістемесі өлшемге сай деңгейлері (%) беріліп отыр. Көрсеткіштерін 4- кестеден байқауға болады.



1-сурет. Бақылау тобының арнайы өлшемдер бойынша А.Н.Волкованың «Рөлдік болжау мен әрекеттену» әдістемесі «Рөлдік болжау мен әрекеттену» деңгейлерінің диаграммасы (%)



2-сурет. Эксперименттік топтың арнайы өлшемдер бойынша А.Н.Волкованың «Рөлдік болжау мен әрекеттену» әдістемесі «Рөлдік болжау мен әрекеттену» деңгейлерінің диаграммасы (%)

Кесте 5 – Анықтау экспериментіндегі бақылау және эксперименттік топтардағы «Өзіңді адамдардың ортасында еркін сезінесің бе?» сұрағының нәтижелері

Шкалалар п-%	Иә		Жоқ		Жауап беру қиын	
	ЖД		ОД		ТД	
	п	%	п	%	п	%
Бақылау тобы - 60	14	23,3	16	26,6	30	50
Эксперимент тобы - 62	16	25,8	13	20,9	33	53,2

Анықтау экспериментінде «Өзіңді адамдардың ортасында еркін сезінесің бе?» сұрағы бойынша БТ-60 оқушы қатысты, ЖД-14, ОД-16, ТД-30 оқушы екені анықталды. Ал ЭТ-да 62 оқушының ЖД-16, ОД-13, ТД-33 оқушыны көрсетті.

Кесте 6 – Анықтау экспериментіндегі бақылау және эксперименттік топтардағы «Адамдармен тез тіл табыса аласың ба?» сұрағының нәтижелері

Шкалалар п-%	Иә		Жоқ		Жауап беру қиын	
	ЖД		ОД		ТД	
	п	%	п	%	п	%
Бақылау тобы - 60	12	20	17	28,3	31	51,6
Эксперимент тобы - 62	11	17,7	14	22,5	37	59,6

Анықтау экспериментінде «Адамдармен тез тіл табыса аласың ба?» сұрағы бойынша БТ-ға 60 оқушы қатысты, ЖД-12, ОД-17, ТД-31 оқушы екені анықталды. Ал ЭТ-да 62 оқушының ЖД -11, ОД-14, ТД-37 оқушыны көрсетті.

Кесте 7 – Анықтау экспериментіндегі бақылау және эксперименттік топтардағы «Сабақта оқушылармен қарым-қатынасың жақсы ма?» сұрағының нәтижелері

Шкалалар п-%	Иә		Жоқ		Жауап беру қиын	
	ЖД		ОД		ТД	
	п	%	п	%	п	%
Бақылау тобы - 60	16	26,6	15	25	29	48,3
Эксперимент тобы - 62	15	24,1	15	24,1	32	51,6

Анықтау экспериментінде «Сабақта оқушылармен қарым-қатынасың жақсы ма?» сұрағы бойынша БТ – 60 оқушы қатысты, ЖД-16, ОД-15, ТД-29 оқушы екені анықталды. Ал ЭТ-да 62 оқушының ЖД -15, ОД-15, ТД-32 оқушыны көрсетті.

Кесте 8 – Анықтау экспериментіндегі бақылау және эксперименттік топтардағы «Сыныпта достарың көп пе?» сұрағының нәтижелері

Шкалалар п-%	Иә		Жоқ		Жауап беру қиын	
	ЖД		ОД		ТД	
	п	%	п	%	п	%
Бақылау тобы - 60	14	23,3	17	28,3	29	48,3
Эксперимент тобы - 62	16	25,8	15	24,1	31	50

Анықтау экспериментінде «Сыныпта достарың көп пе?» сұрағы бойынша БТ – 60 оқушы қатысты, ЖД-14, ОД-17, ТД-29 оқушы екені анықталды. Ал ЭТ-да 62 оқушының ЖД -16, ОД-15, ТД-31 оқушыны көрсетті.

Кесте 9 – Анықтау экспериментіндегі бақылау және эксперименттік топтардағы «Қиын жағдайда сынып алдындағы жауапкершілікті сезінесің бе?» сұрағының нәтижелері

Шкалалар n-%	Иә		Жоқ		Жауап беру қиын	
	ЖД		ОД		ТД	
	n	%	n	%	n	%
Бақылау тобы - 60	16	26,6	15	25	29	48,3
Эксперимент тобы - 62	13	20,9	16	25,8	33	53,2

Анықтау экспериментінде «Қиын жағдайда сынып алдындағы жауапкершілікті сезінесің бе?» сұрағы бойынша БТ – 60 оқушы қатысты, ЖД-16, ОД-15, ТД-29 оқушы екені анықталды. Ал ЭТ-да 62 оқушының ЖД -13, ОД-16, ТД-33 оқушыны көрсетті.

Кесте 10 – Анықтау экспериментіндегі бақылау және эксперименттік топтардағы «Өзіңді тәртіпті оқушылар қатарында санайсың ба?» сұрағының нәтижелері

Шкалалар n-%	Иә		Жоқ		Жауап беру қиын	
	ЖД		ОД		ТД	
	n	%	n	%	n	%
Бақылау тобы - 60	15	25	14	23,3	31	51,6
Эксперимент тобы - 62	18	29,0	14	22,5	30	48,3

Анықтау экспериментінде «Өзіңді тәртіпті оқушылар қатарында санайсың ба?» сұрағы бойынша БТ – 60 оқушы қатысты, ЖД-15, ОД-14, ТД-31 оқушы екені анықталды. Ал ЭТ-да 62 оқушының ЖД -18, ОД-14, ТД-30 оқушыны көрсетті.

Кесте 11 – Анықтау экспериментіндегі бақылау және эксперименттік топтардағы «Қоғамда болып жатқан жаңалықтарға қызығасың ба?» сұрағының нәтижелері

Шкалалар n-%	Иә		Жоқ		Жауап беру қиын	
	ЖД		ОД		ТД	
	n	%	n	%	n	%
Бақылау тобы - 60	16	26,6	16	26,6	28	46,6
Эксперимент тобы - 62	17	27,4	13	20,9	32	51,6

Анықтау экспериментінде «Қоғамда болып жатқан жаңалықтарға қызығасың ба?» сұрағы бойынша БТ – 60 оқушы қатысты, ЖД-16, ОД-16, ТД-28 оқушы екені анықталды. Ал ЭТ-да 62 оқушының ЖД -17, ОД-13, ТД-32 оқушыны көрсетті.

Кесте 12 – Анықтау экспериментіндегі бақылау және эксперименттік топтардағы «Өзге адамдардың пікірі сен үшін маңызды ма?» сұрағының нәтижелері

Шкалалар n-%	Иә		Жоқ		Жауап беру қиын	
	ЖД		ОД		ТД	
	n	%	n	%	n	%
Бақылау тобы - 60	13	21,6	11	18,3	36	60
Эксперимент тобы - 62	15	24,1	14	22,5	33	53,2

Анықтау экспериментінде «Өзге адамдардың пікірі сен үшін маңызды ма?» сұрағы бойынша БТ – 60 оқушы қатысты, ЖД-13, ОД-11, ТД-36 оқушы екені анықталды. Ал ЭТ-да 62 оқушының ЖД -15, ОД-14, ТД-33 оқушыны көрсетті.

Кесте 13 – Анықтау экспериментіндегі бақылау және эксперименттік топтардағы «Адамдардың алдында сөйлеуге қысыласың ба?» сұрағының нәтижелері

Шкалалар n-%	Иә		Жоқ		Жауап беру қиын	
	ЖД		ОД		ТД	
	n	%	n	%	n	%
Бақылау тобы - 60	14	23,3	16	26,6	30	50
Эксперимент тобы - 62	16	25,8	15	24,1	31	50

Анықтау экспериментінде «Адамдардың алдында сөйлеуге қысыласың ба?» сұрағы бойынша БТ – 60 оқушы қатысты, ЖД-14, ОД-16, ТД-30 оқушы екені анықталды. Ал ЭТ-да 62 оқушының ЖД -16, ОД-15, ТД-31 оқушыны көрсетті.

Кесте 14 – Анықтау экспериментіндегі бақылау және эксперименттік топтардағы «Білім алудың маңыздылығын түсінесің бе?» сұрағының нәтижелері

Шкалалар n-%	Иә		Жоқ		Жауап беру қиын	
	ЖД		ОД		ТД	
	n	%	n	%	n	%
Бақылау тобы - 60	12	20	13	21,6	35	58,3
Эксперимент тобы - 62	14	22,5	16	25,8	32	51,6

Анықтау экспериментінде «Білім алудың маңыздылығын түсінесің бе?» сұрағы бойынша БТ – 60 оқушы қатысты, ЖД-12, ОД-13, ТД-35 оқушы екені анықталды. Ал ЭТ-да 62 оқушының ЖД -14, ОД-16, ТД-32 оқушыны көрсетті.

Талқылау. Білім беру жүйесіндегі педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігі оны диагностикалаудың негізінде тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижесін айқындауға мүмкіндік береді. Педагогикалық диагностиканың мәнін оның атқаратын функциялары арқылы талдауға болады. Педагогикалық үдерістің барлық құраушылары педагогикалық диагностиканың нысаны болып табылады.


Ғылыми зерттеудің теориялық және эмпирикалық деңгейлері арасын эксперимент байланыстырады. Демек оның мақсаты тұлғаны оқыту мен тәрбиелеу, дамыту тәжірибесін жаңартудағы әлеуметтендіруді қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен бірге тәжірибелік эксперимент табиғи, оқыту мен тәрбиелеудің күнделікті, сондай-ақ лабораториялық жағдайларда жүзеге асырылады. Педагогикалық эксперименттің анықтаушы түрі зерттеу нысанының бастапқы күйін белгілесе, қалыптастырушы түрі зерттеу нысанын қайта құруға бағытталады.

Кесте 15 – Анықтау эксперименті кезеңіндегі сауалнамаға жауаптардың көрсеткіштері

Сауалнама сұрақтары	Жауаптары Топ	Иә		Жоқ		Жауап беру қиын	
		n	%	n	%	n	%
Өзіңді адамдардың ортасында еркін сезінесің бе?	БТ-60	14	23,3	16	26,6	30	50
	ЭТ-62	16	25,8	13	20,9	33	53,2
Адамдармен тез тіл табыса аласың ба?	БТ-60	12	20	17	28,3	31	51,6
	ЭТ-62	11	17,7	14	22,5	37	59,6
Сабакта оқушылармен қарым-қатынасың қалай?	БТ-60	16	26,6	15	25	29	48,3
	ЭТ-62	15	24,1	15	24,1	32	51,6
Сыныпта достарың көп пе?	БТ-60	14	23,3	17	28,3	29	48,3
	ЭТ-62	16	25,8	15	24,1	31	50
Қиын жағдайда сынып алдындағы жауапкершілікті сезінесің бе?	БТ-60	16	26,6	15	25	29	48,3
	ЭТ-62	13	20,9	16	25,8	33	53,2

Өзінді тәртіпті оқушылар қатарында санайсың ба?	БТ-60	15	25	14	23,3	31	51,6
	ЭТ-62	18	29,0	14	22,5	30	48,3
Қоғамда болып жатқан жаңалықтарға қызығасың ба?	БТ-60	16	26,6	16	26,6	28	46,6
	ЭТ-62	17	27,4	13	20,9	32	51,6
Өзге адамдардың пікірі сен үшін маңызды ма?	БТ-60	13	21,6	11	18,3	36	60
	ЭТ-62	15	24,1	14	22,5	33	53,2
Адамдардың алдында сөйлеуге қысыласың ба?	БТ-60	14	23,3	16	26,6	30	50
	ЭТ-62	16	25,8	15	24,1	31	50
Білім алудың маңыздылығын түсінесің бе?	БТ-60	12	20	13	21,6	35	58,3
	ЭТ-62	14	22,5	16	25,8	32	51,6

Анықтау экспериментінде «Білім алудың маңыздылығын түсінесің бе?» сұрағы бойынша БТ – 60 оқушы қатысты, ЖД-12, ОД-13, ТД-35 оқушы екені анықталды. Ал ЭТ-да 62 оқушының ЖД -14, ОД-16, ТД-32 оқушыны көрсетті.



3-сурет. Бақылау және эксперименттік топтар бойынша анықтау эксперименті кезеңіндегі сауалнамаға жауаптардың көрсеткіштері

Бастауыш сынып оқушыларын жобалау әдісі арқылы әлеуметтендіру жұмыстары сонымен қатар келесі аспектілерді қамтыды:

- рөлдер контекстінде жобалау: оқушы рөлдерін қалыптастыруға, олардың басқалармен және топ ішіндегі өзара әрекеттесуіне әсерін зерттеу;
- бейімделу және қосу: оқушылардың әртүрлі топтарын, соның ішінде әртүрлі мәдени ортадан шыққан балаларды орналастыруды қалай қолдайтынын қарастыру;
- білім беру бағдарламаларының тиімділігі: білім алушылардың әлеуметтік және оқу жетістіктерін қоса алғанда, білім беру мақсаттарына қол жеткізуде жобалау әдісін қолданудың тиімділігін бағалау;
- әлеуметтік-мәдени контекст: әртүрлі орталардағы жобалау әдісі арқылы әлеуметтену процесіне мәдени, әлеуметтік және экономикалық факторлардың әсерін талдау.

Бұл тақырыпты осылайша жан-жақты зерделеу оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастырудағы және әлеуметтік бейімделуіндегі білім берудің рөлін тереңірек түсінуге, сонымен қатар жобалау әдістеріне негізделген оқытудың тиімді стратегияларын жасауға көмектеседі.

Қорыта келгенде, зерттеу барысында дайындалған жобалау әдісі арқылы бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтенуін қамтамасыз етудің диагностикасы эксперименттік-тәжірибелік жұмыстарында дәлелденді. Қорытындысын статистикалық талдаулардан көруге болады.

Қорытынды. Жобалау әдісі арқылы бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтенуін қамтамасыз етудің диагностикасын ұсынуда педагогикалық проблема ретінде сипатталуы

талданды. Теориялық талдауларда бірнеше ұғымдарды талдаудың қажеттігі туындап, теориялық негіздерін анықтауда «жобалау», «бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтенуі» түсініктерінің мәні мен мазмұны айқындалды. Жобалау әдісі арқылы бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтенуін қамтамасыз етудің компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері негізінде түсініліп, танылады. Динамикалық педагогикалық байланыс компоненттерден (мотивациялық-мазмұндық, танымдық-іс-әрекеттік, рефлексиялық-бағалаушылық) түзілген өлшемдері мен көрсеткіштерінің жиынтығын құрайды және деңгейлеріне (төменгі, орта, жоғары) сәйкес жүзеге асырылды. Педагогикалық-тәжірибелік жұмыс жүргізілу барысында қол жеткен нәтижелер негізінде келесідей ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді:

- бастауыш білім беру үдерісіне «Мен және Әлем» атты вариативті курс бағдарламасы бағдарламасы енгізіліп, осы бағытта мектептердің бастауыш сыныптарындағы педагогикалық үрдісінде қолданыс тапса;

- бастауыш сынып оқушыларын әлеуметтендіруге сай оқушыцентристік шаралар ұйымдастырылса.

Зерттеу жұмысымызда ұсынылған болжам ғылыми теориялық тұрғыдан негізделуі мен педагогикалық, эксперименттік, тәжірибелік жұмыстардың нәтижесімен дәлелденді, алынған нәтижелер жобалау әдісі арқылы бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтенуін қамтамасыз етудің диагностикасы Қазақстан Республикасының орта білім беру стратегиясын жүзеге асыру барысында қолданыла алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан білім туралы заңы №319-III, 27 шілде 2007 жыл, ҚР 2018 жылғы 4 сәуірдегі №171-VI Заңын қараңыз (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген), (қаралған күні 19 желтоқсан, 2024жыл).
2. Сулейменова З.Е. Жобалау әдісі //Межвузовский вестник. – 2015. – №. 4 (28).
3. Слободчиков В.И. Терминологический словарь института педагогических инноваций РАО.
4. Алексеев Т.Б., Гладкая И.В., Сеницына А.И. Интернет-конференция как форма научной коммуникации молодых исследователей //Современные проблемы науки и образования. – 2013. – №. 5. – С. 168-168.
5. Громыко Ю.В., Рубцов В.В., Марголис А.А. Школа как экосистема развивающихся детско-взрослых сообществ: деятельностный подход к проектированию школы будущего //Культурно-историческая психология. – 2020. – Т. 16. – №. 1. – С. 57-67.
6. Никитина И.В., Холмогорова А.Б. Социальная тревожность: содержание понятия и основные направления изучения. Часть 1 //Социальная и клиническая психиатрия. – 2010. – Т. 20. – №. 1. – С. 80-85.
7. Elmira U., Nikolaevna R.N., Izmagambetova R., ...Gennadiyevna S.S., Kulzhanovna Y.A. Opportunities of innovator technologies in the educational process. World Journal on Educational Technology: Current Issues [this link is disabled](#), 2022, 14(5), pp. 1602–1611
8. Ержанова Ш.А. Мектеп оқушыларын әлеуметтендіру үдерісі //Сборники конференций НИИЦ Социосфера. – Vedecko vydavatel'ske centrum Sociosfera-CZ sro, 2020. – №. 31. – С. 16-17.
9. Туралбаева А.Т. Жаңартылған білім мазмұны бойынша бастауышта оқытудың әдістемелік ерекшеліктері: Әдіст. құрал «ӨРЛЕУ» БАҰО» АҚ - Алматы, 2017. - 112 б.
10. Қазақша-орысша және орысша-қазақша педагогикалық сөздік = Казахско-русский и русско-казахский педагогический словарь [Текст] = Казахско-русский и русско-казахский педагогический словарь / [Құрастырған Қ.Е.Тілешова]. - Астана:Зерде, 2007. - 166, [2] с.; 19 см.; ISBN 9965-472-55-6
11. Хмель Н.Д. Педагогический процесс в общеобразовательной школе. – Алма-Ата: «Мектеп», 1984. –134 с.
12. Әлеуметтік психологиялық қызметтің негіздері: оқу құралы/Әбеуова И.А.-Алматы:«Отан» баспасы,2022. – 366 б.
13. Александрова Е.С. Педагогическое проектирование как средство целостного согласования в взаимодействии субъектов образовательного үдерісі- СПб., 2006.
14. Волкова В.Н. и др. Моделирование систем и процессов. – 2015.

Reference:

1. Qazaqstan bilim turaly zaңy №319-III, 27 şilde 2007 jyl, QR 2018 jylǵy 4 säuirdegi №171-VI Zaңyn qarayyz (2019 j. 1 qaңtardan bastap qoldanyysqa engizilgen), (qaralǵan küni 19 jeltoqsan, 2024jyl).
2. Suleimenova Z.E. Jobalau ädisi //Mejvuzovskii vestnik. – 2015. – №. 4 (28).
3. Slobodchikov V.İ. Terminologicheskii slovar instituta pedagogicheskikh innovatsii RAO.
4. Alekseev T.B., Gladkaya İ.V., Sinitsyna A.İ. İnternet-konferentsiya kak forma nauchnoi kommunikatsii molodyh issledovatelei //Sovremennye problemy nauki i obrazovaniya. – 2013. – №. 5. – S. 168-168.

5. Gromyko YU.V., Rubtsov V.V., Margolis A.A. *Škola kak ekosistema razvivayuušihsysya detsko-vzroslyh soobčestv: deyatelnostnyi podhod k proektirovaniyu školy buduušego* //Kulturno-istoricheskaya psihologiya. – 2020. – T. 16. – №. 1. – S. 57-67.
6. Nikitina I.V., Holmogorova A.B. *Sotsialnaya trevožnost: sodержanie ponyatiya i osnovnye napravleniya izučeniya. Čast 1* //Sotsialnaya i klinicheskaya psixiatriya. – 2010. – T. 20. – №. 1. – S. 80-85.
7. Elmira U., Nikolaevna R.N., Izmagambetova R., Gennadiyevna S.S., Kulzhanovna Y.A. *Opportunities of innovator technologies in the educational process. World Journal on Educational Technology: Current Issues* [this link is disabled](#), 2022, 14(5), pp. 1602-1611
8. Erjanova Š.A. *Mektep oquşylaryn äleumettendiru üderisi* //Sborniki konferentsii NITS Sotsiosfera. – Vedecko vydavatel'ske centrum Sociosfera-CZ sro, 2020. – №. 31. – S. 16-17.
9. Turalbaeva A.T. *Janartylğan bilim mazmūny boiynşa bastauyşta oqytudyñ ädistemelik erekşelikteri: Ädist. qūral «ÖRLEU» BAŪO» AQ - Almaty, 2017. - 112 b.*
10. *Qazaqşa-oryşsa jäne oryşsa-qazaqşa pedagogikalıq sözdik = Kazahsko-russkii i russko-kazahskii pedagogicheskii slovar [Tekst] = Kazahsko-russkii i russko-kazahskii pedagogicheskii slovar / [Qūrastyrğan Q.E.Tileşova]. - Astana:Zerde, 2007. - 166, [2] s.; 19 sm.; ISBN 9965-472-55-6*
11. Hmel N.D. *Pedagogicheskii protsess v obıçobrazovatelnoi škole. – Alma-Ata: «Mektep», 1984. –134 s.*
12. *Äleumettik psihologiyalyq qyzmettiñ negizderi: oku qūraly/Äbeuova İ.A.-Almaty:«Otan» baspasy,2022. – 366 b.*
13. Aleksandrova E.S. *Pedagogicheskoe proektirovanie kak sredstvo tselostnogo soglasovaniya v vzaimodeistvii sub'ektov obrazovatelnoy üderisa- SPb., 2006.*
14. Volkova V.N. *i dr. Modelirovanie sistem i protsessov. – 2015.*

МРНТИ 14.35.09

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.87.3.034>

З.А.Мовкебаева,¹  А.С.Рахышова^{1*} 

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Алматы қ., Қазақстан

ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН ЖОҒАРҒЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЙЫ МЕКТЕП ЖАҒДАЙЫНДА КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ

Аңдатпа

Мақалада зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларына арналған арнайы мектеп жағдайында кәсіби бағдар беру мәселесі жан-жақты және кешенді түрде қарастырылады. Эмпирикалық зерттеу нәтижелері негізінде аталған санаттағы оқушылардың кәсіптік қызығушылықтары, еңбекке деген мотивация деңгейі және кәсіби бейімделу көрсеткіштері талданады. Зерттеу барысында оқушылардың еңбекке және кәсіби қызметке деген көзқарастары, өзін-өзі болашақ маман ретінде тану деңгейі, сондай-ақ еңбек нарығындағы мүмкіндіктері мен шектеулері жүйелі түрде қарастырылған. Кәсіби бағдар беру үдерісінде арнайы педагогтар мен әлеуметтік серіктестердің (ата-аналар, жұмыс берушілер, психологиялық-педагогикалық қолдау мамандары) ынтымақтастығының маңыздылығы айқындалды. Бұл серіктестік оқушылардың тұлғалық және кәсіби әлеуетін тиімді ашуға, олардың әлеуметтік бейімделу және еңбек нарығына интеграциялану мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған. Мақалада кәсіби бағдар беру жұмысының ұйымдастырылу ерекшеліктері, әдіс-тәсілдері мен педагогикалық шарттары сипатталды.

Эмпирикалық деректерге сүйене отырып, кәсіби бағдар беру жүйесінің тиімді моделін әзірлеуге арналған ұсыныстар ұсынылған. Бұл ұсыныстар оқушылардың тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби дамуын қолдауға, олардың болашақта еңбек нарығына табысты енуін қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар, арнайы білім беру мекемелерінде кәсіби бағдар беру қызметін жүйелі және кешенді түрде ұйымдастырудың практикалық тәсілдері ұсынылады. Мақала зияты зақымдалған оқушылардың кәсіби бағдар беру үдерісін жетілдіруге, олардың еңбекке және қоғамға бейімделуін қамтамасыз етуге арналған ғылыми-тәжірибелік негіздеме болып табылады.

Түйін сөздер: зияты зақымдалған оқушылар, кәсіби бағдар, арнайы білім беру, еңбекке баулу, әлеуметтік бейімделу.